

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы «Бөбек лүпілі»жеке меншік балабақшасы.

Топ: кіші жас «Балдырған

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 22.01 - 26.01.2024ж.

Педагогтың аты-жөні Далабаева.М.Қ.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру);	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Терезе әйнегінде қырау оюлары бар болса, көңіл аудару; өрнектердің бұралған гүлдерге, жапырақтарға,	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен,

басқалар)	балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау.	құстарға ұқсайтынына көңіл аудару.	бетінің тегіс болуын бақылау; су құйғышты ұстап, суаруды үйрету.
	Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Торғай, торғай (саусақтарды бүгіп-ашу), Шиық-шиық (бір	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Сауысқан" (ел аузынан). Мақсат-міндеттер. Балаларды, сауысқан ойыншығына (суретіне) қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. – Сауысқан (ел ауызынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Торғай-торғай тоқылдақ" (ел аузынан) Мақсат-міндеттер. Балаларды торғай ойыншығына қарап, халық ауызынан шыққан тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. – Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары шоқып	Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні). Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтарымен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Ала қанат сауысқан Пісірді де көжен, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп	Саусақ жаттығуы (қимыл жаттығуы). "Құстар ұшып барады". Мақсат-міндеттер. Балаларды суретке қарап, тақпақты мәнерлеп айтып, қимылдарды сөздердің ырғағына сай жасауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. – Құстар ұшып барады, (алақандарды ашып-жинау) Қанаттарын кең

	алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)! Толған дорба, Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу). Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю), Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау). Торғай, торғай, Ұшып келші (алақандарды жұмып-ашу). Торғай, торғай, Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау). Д. Ахметова	жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. (көркем әдебиет)	ап, Бөтегесі томпайып, Түймедей боп монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар, Торғай-торғай топтанған. Торғайды торғай мақтаған, Бір торғай ұшса боранда, Іздеп бәрі жоқтаған. (көркем әдебиет)	шөжені. Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді. - Суға барған жоқсың сен, Отын жарған жоқсың сен. Көзін сатпа көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ерғалиев (сөйлеуді дамыту)	жайып. (алақандарды ашып-жинау) Торғай ғана қалады, (алақандарды бір- біріне қосып, қысу) Көкке қарап мұңайып. (алақандарды бір- біріне қосып, қысу) – Кел, торғайым, мұңайма, (саусақтарды өзіне қарай бұлғау, "шақыру") Жылытайық бойыңды. (алақандарды өзара уқалау) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	---	---	---	--	---

	(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)				
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. 1. "Биік үй саламыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - қолды жоғары созып, аяқтың ұшына тұру "Биік үй саламыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-5 рет). 2. "Кірпіштерді қалаймыз" жаттығуы. Бастапқы қалып отырып аяқты бірге ұстау, қол тізеде. 1 - оң жаққа бұрылып, еденді текшемен ұру "Кірпіштерді қалаймыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (сол жаққа дәл осы жаттығу қайталанады). 3. "Шеге қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып тік тұру, қолды төменде ұстау. 1 - жерге отырып, текшелермен еденді ақырын тарсылдату "Шеге қағамыз" деп айтқызу. 2 - бастапқы қалыпқа келу (4-6 рет). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бұғу), Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. - Құстардай ұшайық, Бұтаға отырайық. Дәндерді шоқып, Аяққа тұрып, Шеңберді құрып, Күнге созылайық. (сөйлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Көгершінмен ойын ойнайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру іскерліктерін дамыту; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; кубикпен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; қыстап қалатын құстар	Музыка "Суық торғай". Мақсат-міндеттер. Балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық	Дене шынықтыру "Құстармен бірге ойнайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды доптармен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасау кезінде ептіліктерін дамыту; бірінің артынан бірін жүргізу және жүгірту; тізбекпен жұп болып және 2-3 баладан сап түзеп, алға жүру, бір орында тұрып аяқтың	Дене шынықтыру "Еңбектеген марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларды доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өтуге үйрету; доғадан төрт тағандап еңбектеп өтудің техникасын меңгерту; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларына машықтандыру. Балалардың доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Шұбар тауық" ертегісі. Мақсат-міндеттер. Балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпынысты дамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын

	туралы білімдерін толықтыру.	қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру.	ұшымен жүру; әуенге сәйкес би қимылдарын жасау; еденді тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыру; допты алысқа лақтыруда алысқа дәлдеу қабілетін арттыру; оқу қызметін пысықтау.	өту икемділіктерін жетілдіру; доғадан еңбектеп және төрт тағандап еңбектеп өту дағдыларын қалыптастыру; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, жаңа жаттығуды тез қабылдау және оқу қызметіне белсенді қатысу қабілетін дамыту.	қалыптастыру. Баланың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскідегі ағаштарда ұшып-қонған	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың	Сары шымшықты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілдерін сары шымшыққа, оның ағаштарға ұшып-қону қимылдарына	Қарды бақылау (қардың жауған алқабы). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балалардың қарды бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; қардың қайда	Жемшашарға қонған құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға құстарды суықта қорекке тойғызуды қажеттілігін түсіндіру; құстарға

кұстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. <i>"Құстар, құстар, келіңдер"</i>. Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсандар, Өнді салып беріңдер. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шиқылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттер:	аудару, құстың кеудесінің түсі сары болуын байқату; зейінді дамыту. <i>"Сары шымшық."</i> Сары шымшық шиқылдайды: - Шиық-шиық, шиық-шиық. Жылы жаққа ұшпайды, Суықтан тығылмайды. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;	жатқанына көңіл аударып, айтуға ынталандыру. - Балалар, бәрекелді! - Қараңдаршы, айналада не жатыр? - Иә, бұл қар. - Қар қайда жатыр? - Айналаның бәрі аппақ. Жасырыпты жолдарды: Тегістепті орларды. Далаға суық қыс жетті, Аппақ қарды жерге төкті. Қараңдар, ағаш пен шатыр, Барлық жерде қар жатыр. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға	аяушылық сезімін ояту. - Балалар, қараңдаршы, бұл жемшашар. - Жемшашарда не бар? - Иә, жемшашарға құстар қонды. - Құстар не істейді? - Дұрыс, құстар жемді шоқиды. Педагог көркем сөзді оқып береді. - Батыл екен біздің құстар, Аулада қалады олар қыстап. Жемшашарға жем шашайық. Құстарды аялайық. Дыбыстайды құстар "шиық-шиық", Жем берейік - "жиіп-жиіп". Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары:
---	---	--	--	--

	жағымды эмоцияларды дамыту. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Торғайлар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың	балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қораз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды қораздың (әтеш) қимылдарына еліктеуге ынталандыру, тізелерін жоғары көтеріп, қолдарымен екі саны сыртынан соққылауға үйрету, бұлшық еттерін дамыту; жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға талпындыру. Педагог балаларға қораздың қимылдарын көрсетеді.	жағымды эмоцияларды дамыту. "Құстар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды,	шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. Қимылды ойыны. "Пингвиндер сапта жүреді". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларға сигнал бойынша жан-жаққа жүгіру және сигнал бойынша сапқа, педагогтің соңынан жүру дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлауға үйрету; пингвин құсы туралы алғашқы ұғымдар	балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Құмалақтар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды бір топтасқан жерден сигнал бойынша жан-жаққа шашырап бағыттап білу дағдыларын жетілдіру. - Табақшада жатты құмалақтар,
--	---	--	--	---	--

ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларды алаңға шоқайып отыруды ұсынады: – Торғай, торғай , Шиық-шиық, Лық-лық. Дорбаны ашамыз, Тәтті жем шашамыз. Ұшып келші, Шоқып терші. Д. Ахметова - Ой-ой, торғайлар, мысық келе жатыр! Ұяларыңа тезірек ұшып, қоныңдар! Ойын екі рет қайталанады. Дауысты қатты шығармай, балаларға пәрмен (команда беруге) беруге болады, бір-біріне	- Балалар мен қандай құсты көрсетемін? - Иә, бұл қораз құсы. Жарайсыңдар! - Қанекей, менің соңымнан қайталайықшы, қоразға ұқсап қимылдайық. - Қораз! Қораз! Тыңдашы біраз. Алтын сенің айдарың, Көрініп тұр айбарың. Терезеден бір қара, Бұршақ берем мың дана. Д. Ахметова - Жарайсыңдар! - Балалар, ал қораз қалай дыбыстайды? - Иә, қораз "ку-ка-ре-ку" дейді. "Шашылған қарларды (доптарды) жинайық" қимылды	біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып, теріңдер. Жемді шоқып, тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: ирелендеген жолдардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	қалыптастыру, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. Педагог балаларға пингвиннің суретін және пингвинше жүру үлгісін көрсетеді, содан соң балаларды сөздеріне, қимылдарына еруге ынталандырады. - Пингвиндер ұқсап жүрейік, Оңға-солға теңселейік: Топ-топ-топ, топ-топ-топ, Оңға-солға теңселейік. Ал енді, пингвиндер, тоқта! Қане, жиналыңдар сапқа! Бір-бірімізден қалмаймыз, Сапта жүріп-ай,	Барлығы бірдей, доп-домалақтар. Марғау құмалақтарды шашты, Құмалақтар жан-жаққа домалаңдап қашты. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауға баулу; кеңістікті бағдарлауға, мұқияттылыққа, достыққа тәрбиелеу.
---	--	---	---	---

	соғылып қалумауларын қадағалау керек. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу.		жараймыз! Д. Ахметова "Өз орныңды тап" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды сапға (түзу сызық, жіп бойына) сигнал бойынша тізілуге, сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге дағдыландыру; зейінді болуға, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды тамақтану рәсіміне баулу. - Біз қонаққа барамыз (сап түзеп жүру), Қолды сумен жуамыз (алақандарды тік ұстап, бүгу),				

	Сабын салып, жу, жу (алақандарды бір-біріне тигізіп, ысқылау). Алақан су, су (саусақтарды қозғау), Сүлгі алып, сүртеміз (алақандарды үйкелеу), Тазалықты сақтаймыз (шапалақтау). Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Алтын алма» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Айдаһардың апаны» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Балгер» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ұйқыашар жаттығулары. Керует жанындағы жаттығулар "Құстар" 1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиық-шиық» деп айту. 3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу. 4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру. (дене шынықтыру)				

Бесін ас	Ойын-жағдаят: "Біз ас ішеміз". Мақсат-міндеттер: үстел басында тыныш отыруды, денені, қасықты дұрыс ұстауды, қасыққа асты толтырмай алуды, ернеуі кең жерінен шусыз жеуді үйрету, өз бетінше, ұқыпты жеу біліктіліктерін тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Музыкадан ойын-жаттығу "Жем берейік уыстап". Мақсат-міндеттер. Балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру. "Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды шеңберді бірігіп құру	Құрастырудан ойын-жаттығу "Жемшашар". Мақсат-міндеттер. Құстардың дыбыстарының аудиожазбасы; көрсеткіш, қыстайтын бір-екі құстың жемшашарда отырғаны туралы мазмұнды сурет; кірпіштерден құрылған жемшашар үлгісі (суреті); құрылыс материалдары жинағы; ырғақты, темпі орташа көңілді әуен жазбасы. Ойын-имитация. "Қайсысы қалай	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Ауладағы құстар". Мақсат-міндеттер. Балаларды қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру арқылы қарға мен торғайды ажыратуға үйрету; құстардың дене құрылымы мен тіршілік ерекшеліктері туралы түсінік беру; ауладағы құстарды бақылата отырып, құстар туралы жағымды түсініктерін қалыптастыру.	"Сары шымшық" қимылды жаттығуы. - Балалар, қазір біз сары шымшық туралы жаттығуды жасап көрейік. Балалар педагогпен бірге ілесіп, сөздерді айта жүріп, белгілі қимылдарды жасайды. - Сары шымшық - алтын құс. (Аяқтар бірге, тізелерді сәл бүгіп, қайта тұру, екі қолды екі жамбасқа қағып тұру) Қыстап жүрген батыл құс. Қанаттарын жаяды, (Қолдарды екі жаққа сермеп, жылдам	Сурет салудан ойын-жаттығу "Құстар жем шоқиды". Мақсат-міндеттер. Балаларды жемшашарды ұшына мақта оралған таяқшамен нүктеге толтыруға үйрету; нүктелер бірдей түсте болуы үшін бояуға дұрыс малуға көңіл аударуға дағдыландыру; ойын желісіне сай келетін сурет сала алу қабілетін қалыптастыру; қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру.

	қабілетіне үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығуда жағымды әсерлерді алу қабілетін дамыту. Педагог балаларды жанына шақырады. - Шарды үрлеп көрейік (шеңберге тұру, қол ұстасу), Қол ұстасып, жүрейік. Ортадан артқа, артқа Шегіндік. Енді тоқта! Үлкен қылып үрледік (тоқтау), Пах! Шарымыз жарылды! (шапалақтап, сосын отыру) Пшшшшшшш... (отырып жатқанда дыбыстар шығару) Балалар педагог соңынан қимылдарды	ішеді?" Мақсат-міндеттер. Балаларға тауықтың су ішу қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту, педагогтің сөздерін тыңдап, үй құсының қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Балаларға балапан маскаларын кигізу, ойыншық ыдысты ұсыну. "Тауық қалай ішеді?" Тұмсығын тек малады, Бір тамшылап алады. Өзер жұтар шалқайып, Бүлк-бүлк етіп тамағы. - Бұл қалай су ішкені? - Тірі азапқа түскені. С. Боранбаев (сөйлеуді дамыту)	Саусақ жаттығуы. "Дым да жоқ" (орыс халқының әні). Мақсат-міндеттер. Балаларды саусақтармен кезек ойнап, педагогтің соңына ілесіп, тақпақты мәнерлеп айтуға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. - Ала қанат сауысқан Пісірді де көжені, Тағаттарын тауысқан Тойғызды көп шөжені. Анаған берді, Анаған берді, Анаған берді, Ал мынаған бермеді.	қағу) Жылдам-жылдам қағады. Ұшып-ұшып, бұтаға, Шапшаңдықпен қонады. (Төмен жерге шоқайып отыру) Шоқып-шоқып дөңдерді, (Баспен шайқау) Аспандарға ұшады. (Қайта аяққа тұрып, қолдармен жан-жаққа сермеу, түсіру) - Жарайсыңдар, балалар! (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	"Шұбар тауық" ертегісін сахналау. Мақсат-міндеттер. Балалармен бірге Шұбар тауық ертігісінің желісін пысықтау, бас кейіпкерлердің әрекеттеріне қызығушылық тудыру, жағымды эмоцияларды дамыту. – Ай-ай-ай! Шұбар тауық! Қайдан аламыз тауып, Алтын тастай жұмыртқанды? Ұстай алмаймыз сұр тышқанды. Шұбар тауық: – Шұбар болсам, қайтейін, Бір жұмыртқа берейін. Алтын емес, жай
--	---	---	---	--	--

	қайталап жүреді. "Пах" және "Пш" дегенді балаларға қайталатып айтқызу қажет. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)		- Суға барған жоқсың сен, Отын жарған жоқсың сен. Көзін сапта көжеге, Дым жоқ сендей шөжеге! Х. Ерғалиев (сөйлеуді дамыту)		емес, Аппақтарға сай емес, Шұбар екен жұмыртқам Қабығы да жұп-жұқа. Пісіріндер, алындар, Тасқа жарып алындар. (көркем әдебиет)
Балалармен жеке жұмыс	Қыстайтын құстарының суреттерін қарастыру. Мақсат-міндеттер: құстардың атауларын есте сақтауға, қайда мекендейтінін пысықтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	"Шұбар тауық" ертегісі бойынша саусақ театры. Мақсат-міндеттер: "Шұбар тауық" ертегісі желісін балалармен бірге еске түсіру, кейіпкерлердің сөздерін мәнерлеп айтуға тарту; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: ертегі	Трафареттармен жұмыс: "Қыстайтын құстар" (бастыру, бояу). Мақсат-міндеттер: құстар туралы ұғымдарды тиянақтау, ұсақ қол моторикасын, қабылдау қабілетін дамыту.	Саусақ жаттығуы. "Балапан". - Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: Шиық- шиық. Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек. (сөйлеуді дамыту)	"Құстарға жем". Мақсат-міндеттер. Ермексаздан шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жем түйіршіктерін илеу амалдарын игерту. (мүсіндеу)

		кейіпкерлерінің саусаққа тағылатын бейнелері. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар туралы әндер жаттау. (музыка) Өнер бұрышында қыстайтын құстарды бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Еркін рөлдік ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-	Әңгімелесу: "Баланың жануарлар мен құстарға қамқорлық жасау сезімін дамыту", "Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы".				

аналарға кеңес)	
-----------------	--

Тексерген:Бекишева М.А.

